

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

**№ 3 ғылыми-әдіснамалық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Көкшетау қаласы

26.03.2025 жыл

Қатысқаны: әкімшілік, оқытушылар құрамы

Қатыспағаны: –

Себеппі: –

Себепсіз: –

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Дипломдық жұмыстарды жазу талаптарының орындалуы, алдын ала қорғау жұмыстарының есебі;
2. Элективті курс жетекшілерінің жұмыс нәтижелері;
3. Әртүрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

№ 3 ғылыми-әдіснамалық кеңесті колледж директоры Н.Ахат ашып, күн тәртібімен таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегі директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызына берілді. Б.Батанасова колледждің IV курс студенттерінің дипломдық жұмыстарды жазу бойынша статистикалық ақпарат ұсынып, белгіленген кесте бойынша алдын ала қорғау жұмыстары жүргізілгені туралы хабарлады. Атап айтқанда, қолданбалы бакалавриат топтары 100 % көрсеткіш берсе, ағымдағы топтарда дипломдық жұмыс жазған студенттер 16 %-ды құрайтынын, жалпы IV курс бойынша бұл көрсеткіш 44 %-ға жеткенін хабарлады. Әр бөлімнің толық есебін тыңдау үшін сөз кезегі кафедра жетекшілеріне берілді.

Мектепке дейінгі педагогика және логопедия кафедрасының меңгерушісі С.Әмірова оқу процесіне сәйкес дипломдық жұмыстарды алдын ала қорғау бекітілген кестеге сәйкес 18.03.25 күні қорғалғаны туралы айтты. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғауға директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы мен барлық ғылыми жетекшілері толық қатысты. Дипломдық жұмысты қорғауға тиісті 40 студенттің 38 қорғады, 2 студент (Болат Аңсаған МД-42ҚБ, Тоғайбай Аруна Л-41ҚБ) денсаулығына байланысты қатыса алмағаны туралы баяндады. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғау нәтижесі: 84 % көрсетті.

«Филология» бөлімі IV курс студенттерінің дипломдық жұмыстарын алдын ала қорғауы туралы есебінде Т.Қайыржан әр студенттің жұмысына жеке тоқталып, дайындық деңгейі туралы ақпарат берді. Сондай-ақ, лингвистика саласына байланысты жұмыстарды «Шет тілі» кафедрасымен бірігіп жазса, ғылыми жоба төңірегіндегі жұмыстар саны артып, студенттерді жұмыс тобына біріктірсе деген ұсыныстар жасады.

Педагогика және психология кафедрасының жетекшісі Г.Әміржанова бастауыш мектеп бөлімінде дипломдық жұмыстардың дайындық деңгейі туралы есеп берді. Жалпы бөлімде 19 дипломдық жұмыс жазылғаны, оның ішінде БМ-41 тобында 4, БМ-42ҚБ тобында 15 студенттің жұмыстарына жеке тоқталып өтті. Дипломдық жұмысты алдын ала қорғаудың бағалау критерийлерін таныстырып, студенттердің дайындығын пайыздық есеппен көрсетті.

Ағылшын бөлімі студенттерінің дипломдық жұмыстарын алдын ала қорғау бойынша есепті бөлім меңгерушісі А.Каппас таныстырды. Жалпы бөлімде 28 студент «Шетел тілін оқыту әдістемесі» және «Педагогика» пәндерінен дипломдық жұмыс жазғаны, оның ішінде А-41 тобында 4 студент, А-42 тобында 5 студент, А-43ҚБ тобында 19 студент екені айтылды. Алдын ала қорғау студенттерге өз зерттеу жұмыстарының барысын таныстыруға,

оқытушылардан сындарлы пікір алуға және соңғы нұсқасын тапсырмас бұрын жақсартуды қажет ететін тұстарын анықтауға мүмкіндік бергенін, талап бойынша барлық студенттер бұл процесске осы күнге дейін жинақтап, зерттеп келген жұмыстарын қағаз вариантында басып шығарып әкелгенін хабарлады. Алдын ала қорғау сессиясында оқытушылардың және ғылыми жетекшілердің берген бағаларына сүйене отырып, дипломдық жұмыстардың орташа аяқталу көрсеткіші 68% деп бағаланғаны туралы айтты.

Информатика бөлімінің дипломдық жұмыстарда алдын ала қорғау туралы кафедра жетекшісі Ә.Қамалиден сөз сөйлеп, статистикалық есеп ұсынды.

Музыка кафедрасының дипломдық жұмыстарын алдын ала қорғау жұмыстарының есебін С.Абдрахманова таныстырды. Бөлімде 4 студент дипломдық жұмыстарын алдын ала қорғаудан өткені, олардың жазылу деңгейлері мен ұсыныстарды атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Б.Батанасова элективті курс жетекшілерінің жұмыс нәтижелері жөнінде есеп берді. Элективті курсты жүргізетін жалпы педагогтер саны: 28, Бөлінген сағат саны: 1032. Элективті курс жүргізілу сапасына, тиімділігіне, өткізілген іс-шаралар мазмұнына тоқталып, студенттердің түрлі бағыттағы жетістіктері, жарияланған мақалалары туралы ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі және мүшесі болып сайланған педагогтерге куәлік тапсыру рәсімін колледж директоры Н.Ахат өткізді. Колледж әдіскері Мендыбаева Айжанар Нұрланқызы, «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының оқытушысы Хамзин Елебек Советұлына, «Педагогика және психология» кафедрасының жетекшісі Әміржанова Гүлмира Қайыржанқызына Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі және «Тіл және әдебиет» кафедрасының оқытушысы, PhD докторы Рақымжан Оралсын Қалиқайдарқызы корреспондент мүшесі екендігін растайтын куәліктері табысталды.

Жиналысты директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары Б.Батанасова қорытындылап, қаулы оқыды.

ҚАУЛЫ:

1. Әр мамандықтың ерекшеліктерін ескере отырып дипломдық жұмыстар тақырыптарының электронды базасы жаңартылып, жасалсын

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
кафедра жетекшілері

2. Дипломдық жұмыстар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» мазмұны мен талаптарына сай зерттеліп, қорғалсын

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
Бөлім меңгерушілері
кафедра жетекшілері

3. Студенттердің зерттеу жобалары академиялық адалдық қағидаттары негізінде жүзеге асырылсын

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева,
Кафедра жетекшілері
ғылыми жетекшілері

4. Дипломдық жұмыс бойынша оқу жұмыс жоспарындағы сағат санын қайта қарап, төлемақы мәселесі шешілсін

Жауапты: Д.Ілияс
Б.Батанасова
Д.Әшірбекова
Бөлім меңгерушілері

5. 9 сынып негізіндегі студенттердің зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында дипломдық жұмыс саны көбейтілсін

Жауапты: Д.Ілияс
Б.Батанасова
Бөлім меңгерушілері

6. 2025-2026 оқу жылында өтетін элективті курстардың мазмұны жаңартылып, білім беру бағдарламаларымен сабақтастықтары жетілдірілсін

Жауапты: Б.Батанасова
Г.Балдыкова
М.Сатиева
Бөлім меңгерушілері
кафедра жетекшілері

7. Элективті курс мазмұнының сапалық, тәжірибелік бағыттарын көрсету мақсатында педагогикалық кеңесте көрме ұйымдастырылсын

Жауапты: Б.Батанасова
М.Сатиева
Элективті курс жетекшілері

8. Музыка кафедрасындағы магистр дәрежесі бар оқытушылардың оқу-әдістемелік кешендері облыстық, республикалық деңгейде таратылып, жеке әуез сабақтарынан дипломдық жұмыс қорғалсын

Жауапты: Б.Батанасова,
М.Сатиева
музыка кафедрасының
оқытушылары

9. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент мүшесі және мүшесі болып сайланған педагогтер техникалық және кәсіптік орта білім беру жүйесіндегі педагогикалық ғылымның дамуына ықпал етіп, арнайы жоспары жасалсын

Жауапты: Б.Батанасова
Қазақстан Педагогикалық
Ғылымдар Академиясының
мүшелері

Колледж директоры



Ахат Нұртас Ахатұлы

Хатшы

Сапабекова Диана Оралқызы

(қолы)